

Бекітемін:

Сарыөзен негізгі орта мектебінің директоры М.а

М.Е. Байжұманова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перенективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы

Топ: МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене гәрбиесі		-Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «Жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); -Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. -Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерін таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. -Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3—4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қашықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), -Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. -Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; -Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-к, ж-ш, з-з, н-ң, р-р дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.
Тіл дамыту		
Көркем әдебиет		-Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

Қараша

	-Өдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. -Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу -Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау
Сауат ашу негіздері	-Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. жазу жолы мен жоларалық кеністікті ажырата білуге үйрету. -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру -Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау
Қазақ тілі	-Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуы және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, Ұ, Ұ, і, ғ, н, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру), -Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), -Салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру
Математика негіздері	-Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. -Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру -Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. -«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. -Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам) -Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тынытқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

Құрастыру	-Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. -Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. -Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
Сурет салу	-Түзу, ирек, жіңішке, жаппақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып -Қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті тандау. -Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
Мүсіндеу	- Бакылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу - Пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану -Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кино, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, маға, табиғи материалдар) жапсыру -Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. -Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. я
Музыка	-Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. -Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру, -«Күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. -Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;